



КОРПОРАТИВТІК МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

**«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және оны
қорғау саласындағы саясаты**

**СЭ-К-10/03
3-редакция**

Астана 2018

	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы саясаты		
Қ 01-02-11	2-редакция		8 беттің 2-парагы

Мазмұны

1. Мақсаты және қолданылу аясы.....	3
2. Анықтамалар мен қысқартулар.....	3
3. Жауаптылық.....	4
4. Нормативтік сілтемелер.....	4
5. Жалпы ережелер (Ниеті туралы өтініштер).....	5
6. Үйымдастыру.....	6
7. Іс-шаралар.....	7
8. Қорытынды ережелер.....	8

	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы саясаты		
К 01-02-11	2-редакция	8 беттің 3-парагы	

1. Мақсаты және қолданылу аясы

1. Осы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамаларына, «Самұрық-Қазына» АҚ портфельді компанияларына арналған өндірістік қауіпсіздікті басқарудың халықаралық стандарттарына, референстік модельдеріне, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның (бұдан әрі - Қоғам) қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

2. Саясат Қоғамның еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы ұзақ мерзімді Даму стратегиясын іске асырудың күралы болып табылады.

3. Саясаттың мақсаты Қоғамның компаниялар тобы бойынша өндірістік жаракаттанушылық деңгейін азайту, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асыру барысында өлімге әкеп соқтыратын жазатайым оқиғаларды болдырмау болып табылады.

Қоғам еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы маңызды тәуекелдерді анықтау мен оның тигізетін елеулі әсеріне жасалған талдауды ескере отырып, осы Саясатты тұрақты түрде қайта қарап отырады.

4. Саясат Қоғамға және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қоғамға тиесілі үйымдарға (бұдан әрі – еншілес және тәуелді үйымдар) қолданылады.

5. Осы Саясаттың дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қоғамға тиесілі еншілес және тәуелді үйымдарға (бұдан әрі - ЕТҰ) қолданылуы елу және одан аз пайызды құрайды, басқа акционерлермен келісіледі.

5.1. Саясатты Қоғам барлық құрылымдық бөлімшелері мен Қоғамның ЕТҰ-ларына, сондай-ақ Қоғамның компаниялар тобының мүдделі тараптарына жеткізуі тиіс, және олар Саясатта белгіленген тәртіпте қолдануға міндетті.

2. Анықтамалар және қысқартулар

6. Осы Саясатта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ;
- 2) Қоғам – «Самұрық-Энерго» АҚ;
- 3) ЕТҰ – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді үйымдары;
- 4) Қоғамның компаниялар тобы – «Самұрық-Энерго» АҚ және оның ЕТҰ-лары;
- 5) НҚҚ – негізгі қызмет көрсеткіші;
- 6) ДҚЖЕҚҚ – денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 7) ҚБ – Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;
- 8) ЕҚҚБ – Қоғамның ДҚЖЕҚҚ мәселелерін қадағалайтын құрылымдық бөлімшесі;
- 9) ҚжЕҚҚ – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі;

 SAMRUK ENERGY	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және оны көргау саласындағы саясаты		
Қ 01-02-11	2-редакция	8 беттің 4-парагы	

10) жұмыс беруші – қызметкер еңбек қатынастарында тұрған жеке немесе заңды тұлға;

11) қызметкер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша тікелей жұмыс атқаратын жеке тұлға;

12) қызметкерлердің өкілдері – кәсіподақ органдары, оның бірлестіктері, ал олар болмagan жағдайда қызметкерлердің жалпы жиналысына (конференциясына) қызметкерлердің кемінде үштен екісі қатысқан кезде қөпшілік дауыспен сайланған және уәкілетті сайланбалы өкілдер (конференция делегаттары).

13) мердігерлер (өнім берушілер, орындаушылар) – Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, араларында жасалған тиісті шарт негізінде Қоғамның/ЕТҰ-лардың объектілерінде құрылыш-монтаждау, жөндеу жұмыстарын және (немесе) өзге жұмыстарды/қызметтерді көрсететін жеке және заңды тұлғалар;

14) Қоғам компаниялары тобының мүдделі тараپтары - мердігерлер (өнім берушілер, орындаушылар), сондай-ақ жұмыскерлерді қоспағанда, Қоғам мен оның ЕТҰ-ларымен құқықтық қарым-қатынастарда тұратын адамдар.

3. Жауапкершілік

7. Талаптарды енгізу және осы Саясатты басқаруга Қоғамның ЕҚҚБ қызметін қадағалайтын басшысы жауапты.

8. Осы Саясатта көзделген іс-шаралардың орындалуын ұйымдастыруға және басқаруга ЕҚҚБ басшысы жауапты.

9. Саясатты өзекті күйде ұстап тұруға ЕҚҚБ қызметкері жауапты.

10. ҚБ қызметкерлерінің осы Саясатпен танысуына ҚБ басшылары жауапты.

11. ҚБ қызметкерлері осы Саясаттың талаптарының сақталуына жауапты.

4. Нормативтік сілтемелер

12. Осы Саясат Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілерінің және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 2) Қоғамның Ұзақ мерзімді даму стратегиясы;
- 3) Қоғамның Ишкі нормативтік құжаттаманы басқару қағидасы.

5. Жалпы ережелер (Ниет туралы өтініш)

13. Қоғам жұмыс істеп жатқан өндіруші қуаттарды жаңғырту және жаңаларын іске қосу жөніндегі мемлекеттің ұзак мерзімді саясатын іске асыру мақсатында құрылды.

 SAMRUK ENERGY	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы саясаты		
Қ 01-02-11	2-редакция	8 беттің 5-парагы	

14. Қоғам қызметінің негізгі түрлері Қазақстан Республикасының энергетикалық активтерін басқару, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған өндіруші қуаттарды жаңғыртуға және жаңаларын салуга көмек көрсету, Қазақстан Республикасының энергетикасында жаңа технологияларды ендіру болып табылады.

15. Қоғам – Қазақстанның барлық салаларының орнықты дамуын қамтамасыз ететін тиімділігі жоғары энергиямен жабдықтау жүйесін қалыптастыруға бағытталған халықаралық энергия тенгеріміне табысты біріктірілген аса ірі көп бейінді холдинг.

16. Қоғам ДКЖЕҚҚ саласындағы көшбасшылыққа бағдар ұстайды. Қоғам өзінің өндірістік қызметінде қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сактауға деген жауапкершілігін сезінеді.

17. Қоғам Компания қызметкерлерінің еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздігі талаптарын сактауға жеке және ұжымдық жауапкершілікті дамытып, ынталандырады; өзінің өмірі мен денсаулығына, қасындағы бірге жұмыс істейтін қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына жауапкершіліктің озық тәжірибелерін мейілінше кеңінен ендируді насиҳаттап, жүргізеді.

Әрбір қызметкер өзінің және айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін операцияларды тоқтатуға және/немесе орындаудан бас тартуға құқылы бола отырып, өзінің жеке басы мен айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауаптылықты сезінеді және оны қабылдайды.

18. Саясаттың негізгі басымдақтары ретінде Қоғам мыналарды белгілейді:

- 1) өндірістік қызмет нәтижелеріне қарағанда қызметкердің өмірі мен денсаулығының басымдығын;
- 2) персоналдың жаракаттануы мен денсаулығының нашарлауының алдын алу;
- 3) кәсіби денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесін тұрақты жақсарту және оның нәтижелілігін арттыру;
- 4) заманауи жабдықтардың түрлері мен ұжымдық, жеке қорғаныш құралдарын қолдану есебінен қауіпсіздік деңгейін тұрақты арттыру.

19. Саясаттың басымдықтарын жүзеге асыру үшін Қоғам мыналарды қамтамасыз етуге инетті:

- 1) персоналдың біліктілігін тұрақты арттыру;
- 2) басшылардың және орындаушылардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жеке жауапкершілігін;
- 3) өндірістік тәуекелдерді анықтау, бағалау және реттеу, жазатайым оқигалар мен кәсіби аурулардың алдын алуға бағытталған бағдарламаны әзірлең, іске асыра отырып, еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарын аттестациялау;
- 4) ДКЖЕҚҚ саласындағы қызметке белсенді қатысуға, осы қатысуға ынталандыру шараларын жетілдіруге Қоғамның компаниялар тобының барлық персоналын жүйелі түрде тарту;

 SAMRUK ENERGY	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы саисаты		
Қ 01-02-11	2-редакция	8 беттің 6-парагы	

5) Қоғам қызметкерлерінің өндірісте қауіпсіз мінез-құлықтың тұрақты уәждемелік механизмін қалыптастыру, адамдардың өндірісте оқигалардың пайда болуын болжай алу және олардың алдын алу дағдыларын дамыту;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында озық білім мен дағдыларды ендіру;

7) барлық қолданыстағы және жаңадан енгізілетін үдерістер үшін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелерін енгізу;

8) барлық мұдделі тұлғалар үшін Қоғамның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметі туралы маңызды ақпарттың ашықтығы.

20. Қоғам еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ ДҚЖЕҚҚ саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келуді міндеттіне алады.

6. Ұйымдастыру

21. Қоғамда ДҚЖЕҚҚ саласында мақсаттарға жету үшін жауапты бөлімше (ЕҚҚБ) құрылды. Жауапты болімше өз қызметін құрылымдық бөлімше туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Жауапты бөлімшенің нәтижелілігі Қоғамның ынталандыру жүйесімен анықталады (НҚҚ және мақсаттар картасы).

22. Қоғамның ЕТҰ-ларында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында (өндірістік қызметті жүзеге асырған кезде) ҚЖЕҚҚ құрылады. ҚЖЕҚҚ өз қызметін ҚР Еңбек заңнамасына, Қоғам мен ЕТҰ-ның ДҚЖЕҚҚ саласындағы нормативтік талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Қоғамның талаптарына сәйкес, ЕТҰ-лардың ҚЖЕҚҚ кәсіпорындардың бірінші басшыларына тікелей багынышты болуы тиіс.

22-1. Қоғамда және оның ЕТҰ-ларында Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңестердің жанында еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау мәселелерін қадағалайтын комитеттер жұмыс істейді.

23. Қоғамның ЕТҰ-да жұмыс берушінің бастамасы бойынша және (немесе) қызметкерлердің не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау бойынша өндірістік кеңес құрылады. Өндірістік кеңестердің жұмысы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Қоғамның ЕТҰ-ларында еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласында тиімді әрі нәтижелі менеджмент жүйесін құрудың негізі ДҚЖЕҚҚ саласындағы халықаралық стандарттарда көрсетілген талаптарды орындау болып табылады.

25. Қоғам мен ЕТҰ-ның бірінші басшылары өндірістік жаракаттанушылыққа Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапты болады.

26. ЕТҰ-ның бірінші басшысы кәсіпорында ДҚЖЕҚҚ менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі мен нәтижелілігі үшін, қызметкерлердің енбегі мен жұмыс талаптарының жағдайы, өндірістік жаракаттанушылықты болдырмау бойынша жүргізілетін жұмыс үшін жауапты тұлға болып табылады.

 SAMRUK ENERGY	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы саясаты		
Қ 01-02-11	2-редакция	8 беттің 7-парагы	

27. Қогам ЕТҰ-сының бірінші басшысымен жасалатын еңбек шартында, сондай-ақ бірінші басшының лауазымдық нұсқаулығында мына міндеттер көрсетіледі:

- 1) кәсіпорында еңбектің қауіпсіз және дұрыс шарттарын камтамасыз ету;
- 2) барлық жазатайым оқигаларды тіркеу мен есепке алуын ашық жүйесін ендіру;
- 3) еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан өту;
- 4) жазатайым (өлімге әкеп соққан/ауыр зардалтарға әкелген, топтық) оқигаларды тергеу жөніндегі арнайы комиссияларға қатысу;
- 5) Қогамның ДҚЖЕКК саласындағы нормативтік талаптарын орындау.

28. ЕТҰ бірінші басшысының еңбек шартында/лауазымдық нұсқаулығында үйымда ДҚЖЕКК менеджмент жүйесінің нәтижелілігі және еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқигаларды жасырганы үшін жауапкершілік көрсетіледі.

29. ДҚЖЕКК саласындағы мақсаттарға жету үшін ЕТҰ-ның бірінші басшысы ДҚЖЕКК-ның үйымдастырылған менеджмент жүйесін құрайды, ол қызметтер мен міндеттердің нақты үйлестіруін, сондай-ақ өкілеттіктерді беру мен лауазымдық өзара қатаинастардың тиімділігін қарастырады.

7. Іс-шаралар

30. Қогамның Жалғыз акционері «Өндірістік жаракаттанушылық деңгейі» НҚҚ белгіледі. НҚҚ-ны орындаудың бірінші кезеңі «Барлық жазатайым оқигаларды тіркеу мен есепке алуын ашық жүйесін ендіру» болып табылады. Екінші кезеңі – еңбекке уақытша жарамсыз болғандагы жаракаттың жиілік коэффициентін енгізу (LTIFR). НҚҚ-ни орындау мақсатында Қогам белгілеген мерзімдері мен жауапты тұлғалары бар барлық жазатайым оқигаларды тіркеудің, есепке алуын ашық жүйесін ендіру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, орындаиды.

31. Қогам ДҚЖЕКК саласында іске асыру бойынша мына іс-шараларды қарастырады:

- 1) Қогам ЕТҰ Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңесінің отырыстарында еңбекті қорғау мәселелерін тоқсан сайын қарau (ЕТҰ бірінші басшысының есебі);
- 2) ауыр зардалты жазатайым оқигалар орын алған кезде (топтық, сондай-ақ өлімге әкеп соққан/ауыр зардалтарға әкелген жазатайым оқиға) Қогам ЕТҰ Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңесінің жоспардан тыс отырыс (ЕТҰ бірінші басшысының есебі);
- 3) өндірістік жаракаттанушылық деңгейін азайту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- 4) ЕТҰ-ға занамалақ талаптардың, Қогамның нормативтік құжаттарының орындалуын сактау, анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шараларды әзірлеуге қатысты тексерістер жүргізу;
- 5) іс-шаралар жоспарының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу;
- 6) ЕТҰ ДҚЖЕКК саласындағы құжаттарды келісу.

	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы саисаты		
K 01-02-11	2-редакция		8 беттің 8-парагы

31-1. Қоғам мен оның ЕТҰ-да нормативтік құжаттардың орындалуын қамтамасыз ететін тігінен бақылау жасаудың белгіленген моделі (тапсырыс беруші – бас тапсырыс беруші – мердігер – қосалқы мердігер) арқылы мердігерлермен (өнім берушілермен, орындаушылармен) өзара іс-кимыл жасау процесі әзірленді. Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу шарттарының үлгілік нысандарында мердігерлерге/өнім берушілерге/орындаушыларға олардың қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі және өз қызметкерлерінің тұрғаны, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласындағы заңнамаларын сақтауы үшін алғын жауапкершілігіне қатысты қойылатын талаптар көзделуі тиіс.

32. ЕТҰ-лар ДКЖЕҚҚ саласында менеджмент жүйесі бойынша сертификатталған болуы тиіс.

Қоғам ЕТҰ-ның ДКЖЕҚҚ саласында менеджмент жүйесін жетілдіру мен қолдау озық тәжірибелерге негізделеді. Қоғам мен оның ЕТҰ-ларында үдерістерді трансформациялау аясында кешенді қауіпсіздікті басқарудың жаңа моделі ендіріледі.

8. Қорытынды ережелер

33. Осы Саясат Қоғамның Директорлар кеңесі Саясатты бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

34. ЕТҰ Директорлар кеңесіндегі/Байқауыш кеңесіндегі Қоғамның өкілдері осы Саясат негізінде еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы Саясаттардың бекітілуін қамтамасыз етуі тиіс.